

Райымбек ауданы әкімияты жанынан кәсіпкерлер Кеңесін құру туралы

Күшін жойған

Алматы облысы Райымбек ауданы әкімиятының 2003 жылғы 28 мамырдағы N 26 қаулысы. Алматы облыстық Әділет басқармасында 2003 жылы 16 маусымда N 1210 тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Райымбек ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 10 мамырдағы N 149 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы Райымбек ауданы әкімдігінің 2011.05.10 N 149 Қаулысымен

Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 29 қыркүйектегі "Қазақстан Республикасы Президентінің жанынан кәсіпкерлер Кеңесін құру туралы" N 692 Жарлығына және Қазақстан Республикасы "Жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 31-бабының 4-тармағына сәйкес, аудан әкімияты

Қ А У Л Ы

Е Т Е Д І :

1. Аудан әкімияты жанындағы кәсіпкерлер Кеңесі туралы Ереже бекітілсін (N 1 қ о с ы м ш а) .
2. Аудан әкімиятының жанынан құрылған кәсіпкерлер Кеңесі құрамын бекіту аудандық мәслихат сессиясынан сұралсын.
3. Осы Қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары М.Демеуовке жүктелсін.

Аудан әкімі:

1. Аудан әкімі орынбасары:-
2. Аппарат басшысы:-
3. Экономика бөлімінің төрағасы:-
4. "Қуат ЛТД" ЖШС-ның президенті:-
5. Жеке кәсіпкер:-
6. "Өркен" шаруа қожалығының төрағасы:-
7. "Құмтекей" шаруа қожалығының төрағасы:-
8. Жеке кәсіпкер:-
9. Жеке кәсіпкер:-
10. Аудан әкімі аппаратының заңгері:-
11. Жалпы бөлімінің бастығы:-
12. Экономика бөлімінің жет.маманы:-

А у д а н
2 0 0 3

ж

2 8

ә к і м и я т ы н ы ң
м а м ы р

Аудан әкімиятының жанындағы кәсіпкерлер Кеңесі туралы Ереже

1. Жалпы Ережелер

1. Аудан әкімиятының жанынан құрылатын кәсіпкерлер Кеңесі (одан әрі Кеңес) консультативтік кеңесші орган болып табылады.

2. Аудан әкімиятының жанындағы кәсіпкерлер Кеңесі қызметінің құқықтық негізін Қазақстан Республикасының Конституциясы, заңдары, Қазақстан Республикасы Президентінің актілері, Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік актілері құрайды.

2. Кеңестің негізгі міндеттері

1. Кеңестің негізгі міндеттері төмендегідей:

- 1) Ауданды дамыту үшін Отандық бизнестің әлеуметін жұмылдыру.
- 2) Инвестицияны пайдалану мен қорғаудың негізгі бағыттарын анықтау.

3. Кеңестің қызметі

1. Негізгі міндеттерге сәйкес Кеңеске төмендегідей міндеттер жүктеледі:

- 1) Инвесторларға қолайлы жағдай жасау жөніндегі шараларды анықтау және іскерлік белсенділікті ынталандыру;
- 2) Аудан экономикасын құрылымдық реформалау жөнінде ұсыныстар жасау.

4. Кеңестің құқығы

1. Кеңес жүктелген міндеттерді жүзеге асыру және өз қызметін орындау мақсатында:

1) инвестициялар тарту, кәсіпкерлікті және жаңа технологияны дамыту мәселелерін қарайды;

2) қажет болған жағдайда өз жұмысына қатысуға мемлекеттік органдардың, сондай-ақ басқа да ұйымдардың басшыларын шақырады.

5. Кеңестің жұмысын ұйымдастыру

1. Кеңестің төрағасы аудан әкімі болып табылады.
 2. Кеңестің құрамына мемлекеттік органдардың басшылары мен басқа да лауазым иелері, сондай-ақ аудандағы ірі бизнес өкілдері енеді.
 3. Кеңестің құрамын аудандық мәслихат бекітеді.
 4. Кеңестің мәжілісі қажеттілігіне қарай жылына кем дегенде 2 рет, Кеңес төрағасы белгілеген мерзімде өткізіледі.
 5. Кеңес мүшелері оның мәжілістеріне алмастыру құқығысыз қатысады.
 6. Кеңес шешімі аудан әкімдігінің қаулысын шығару арқылы жүзеге асырылуы мүмкін.
 7. Кеңестің қызметін ұйымдастыру және ақпараттық қамтамасыз ету, сондай-ақ Кеңес мәжілісінің күн тәртіптері бойынша қажетті материалдар мен ұсыныстар дайындауды экономика комитеті жүзеге асырады.
- Райымбек ауданы әкімдігі жанындағы кәсіпкерлік Кеңесінің құрамы:
1. Нұрғожаев Байғожа Нұрғожаұлы - аудан әкімі, Кеңестің төрағасы.
 2. Демеуов Марат Демеуұлы - аудан әкімінің орынбасары, Кеңес орынбасары.
 3. Досымбеков Сабыр Досымбекұлы - экономика бөлімінің бастығы.
 4. Күдер Каһарман - "Қуат ЛТД" ЖШС-ның президенті.
 5. Рысқұлов Болат - жеке кәсіпкер.
 6. Нүсіпқожаев Талғат - "Өркен" шаруа қожалығының төрағасы.
 7. Молдасанов Қанат Жолсейітұлы - "Құмтекей" шаруа қожалығының төрағасы.
 8. Жанбабаева Шолпан Ілікқызы - жеке кәсіпкер ("Шолпан" асханасы, қонақ үйі).
 9. Тұрлықожаев Мейірбек - жеке кәсіпкер.
 10. Қайыңбаева Нұрбақыт Аманжанқызы - аудан әкімі аппаратының заңгері.
 11. Мамбетжанова Эльмира Намазбайқызы - экономика бөлімінің жетекші маманы, комиссия хатшысы.